



**AMANZHOLOV
UNIVERSITY**

**Әдістемелік практикум: Жас педагогтың
бейімделуі**

Магистр, сениор-лектор Базарбек Б.

Ештеңе күтпеген адам ешқашан көңілі қалмайды. Бұл – өмір сүрудің жақсы ережесі. Сонда кейін келетіннің бәрі сізге жағымды тосын сый болып көрінеді. (М.Э. Ремарк)

«Ассоциациялар» жаттығуы

Сізден білім беру саласындағы жұмыстан күтетін үмдат есіммен білдіруді сұраймын.





Курстың міндеттері:

1. Ғылым, оның даму кезеңдері және қоғам өміріндегі рөлі туралы түсініктерді кеңейту;
2. Ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі ұғымдарын бекіту;
3. Зерттеу қызметіне қатысты құқықтық түсініктерді кеңейту;
4. Ғылыми таным әдістерін және оларды мектептегі оқытудың әртүрлі кезеңдерінде қолдану тәсілдерін зерттеу;
5. Мұғалімнің кәсіби қызметінде зерттеу жұмыстарын қолдану дағдыларын меңгеру;
6. Мектептің тәжірибелік-эксперименттік қызметі аясында зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілетін қалыптастыру.

Жас мұғалімдер көбінесе қандай мәселелер бойынша қанағаттанбаушылық сезімін бастан кешіреді?

Біріншіден, бұл – еңбекақыға қатысты көңіл қалу. Көптеген адамдар мұғалімдік еңбектің аз төленетінін айтады, бірақ бұл толықтай шындыққа сәйкес келе бермейді. Иә, еңбек жолының басында жалақы айтарлықтай жоғары емес, алайда біраз уақыттан кейін ол елдегі орташа еңбекақыға жақындайды.

Екіншіден, оқушылардан мінсіз тәртіп пен үздік үлгерім күтудің ақталмауы.

Үшіншіден, ата-аналардың мұғалімнің сөзіне сөзсіз сенім білдіріп, ерекше назар аударуын күту.

Төртіншіден, әріптестермен және мектеп әкімшілігімен мінсіз қарым-қатынас орнатуға деген үміттің орындалмауы.

Есте сақтау маңызды!!!

- Барлық балалар міндетті түрде тек «4» және «5» бағаларына оқу керек, білім алуға құлшыныс таныту керек, әрдайым сабаққа дайын болып, қызығушылықпен және қуанышпен келу керек деген талап дұрыс емес.
- Барлық ата-аналар мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындап, баласының оқуына толықтай жағдай жасауға міндетті емес.
- Барлық әріптестер сізге әрдайым көмекке келуге дайын бола бермейді.

Өмірдің алтын ережесі: өз күшің жетпейтін нәрсе үшін алаңдама, жағдайды сол қалпында қабылда. Біз ауа райын өзгертуге тырыспаймыз ғой, тек соған сай киінеміз.

Оқушылар мұғалімнің беделі келесі қасиеттерден қалыптасады деп есептейді:

1. Балаларға (құрмет, төзімділік, сенім және т.б.) және педагогикалық қызметке деген сүйіспеншілік;
2. Педагогикалық тактінің болуы (мұғалімнің жалпы мәдениетінің, адамгершілігінің және мінез-құлқының жоғары деңгейі);
3. Дұрыс және мәнерлі сөйлеу, материалды жақсы түсіндіре білу қабілеті;
4. Оптимизм;
5. Кең эрудиция, жоғары интеллект, ақпараттық құзыреттілік;
6. Табандылық және дәйекті талапшылдық;
7. Педагогикалық интуиция (бақылағыштық пен психологиялық білімдерге ие болу, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін кәсіби түрде меңгеру);
8. Өзінің оқытатын саласында арнайы білімінің болуы және өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

- Осы тізімдегі қай қасиетті ерекше маңызды деп санайсыз? Неліктен?

Педагог-ұжымның қарым-қатынасы

Өзіңіздің абыройыңызды төмендетпеңіз, бірақ оны асыра да мақтамаңыз. Өз қабілеттеріңізді іс жүзінде көрсетіңіз, қызметтік міндеттеріңізден бөлек нені жақсы меңгергеніңізді дәлелдеңіз.

✓ **Коллективтің бір бөлігі екеніңізді ұмытпаңыз.** Ашық әрі сыпайы болыңыз. Кейбір әріптестеріңізбен жақын араласасыз, ал кейбірімен мүлдем сөйлеспеуіңіз мүмкін – бұл қалыпты жағдай. Мерекелік іс-шаралардан мүлдем бас тартпаңыз, кем дегенде кейбіріне қатысып тұрыңыз, өйткені бұл бейресми жағдайда әріптестеріңізді жақынырақ тануға көмектеседі.

✓ **Әріптестеріңізге көмектесуден бас тартпаңыз, бірақ өзіңізді пайдалануға да жол бермеңіз.** Егер әрдайым көмек сұрағандарға еш шектеусіз келіссеңіз, уақыт өте келе сізді өз мүдделеріне пайдаланып кетуі мүмкін. Қажет болған жағдайда «жоқ» деп айтуды да үйреніңіз.

✓ **Өзіңізге тәлімгер табыңыз немесе кеңес сұраудан тартынбаңыз.** Көмек сұраған адам әрдайым қолдау табады, ал барлық мәселені өз бетінше шешуге тырысатын адам көп жағдайда тәкаппар әрі өзімшіл көрінуі мүмкін. Тәлімгер сізді жұмыстың барлық қыр-сырымен таныстырады, өзінің тәжірибесімен, күнтізбелік-тақырыптық жоспарымен бөліседі және бұрын жіберген қателіктері туралы айтып береді. Алғашқы уақытта әріптестердің қолдауы өте маңызды.

✓ **Сын мен сәтсіздіктер үшін көңіліңізді түсірмеңіз.** Қиындықтарға мойымаңыз, қолыңызды бірден түсірмеңіз. Айтылған ескертулерге құлақ асыңыз – көп жағдайда, бұл сізге көмектесу мақсатында айтылады және сіздің кәсіби дамуыңыз үшін маңызды.

Мұғалім-ата-аналардың өзара әрекеттесуі

- ✓ **Ата-аналармен әрдайым және барлық жерде ынтымақтастықта болыңыз.** Оларды тек сынап қана қоймай, мақтап та отырыңыз, өйткені мақтау мен қолдау – өзара сенім мен тиімді серіктестіктің негізі. Оқушының жақсы қасиеттерін атап өтіп, оларды бірге дамыту жолдарын талқылаңыз.
- ✓ **Ата-аналар сізді «еститіндей», ал сіз оларды «тыңдайтындай» болыңыз.** Маңызды әрі өзекті мәселелерді ғана айтыңыз, бос сөзден аулақ болыңыз. Әңгімеңіз қысқа, нақты және мазмұнды болсын.
- ✓ **Ата-аналармен қарым-қатынаста шекара сақтаңыз.** Олардың сізбен еркін, бейресми түрде сөйлесуіне немесе кәсіби жұмысыңызға араласуына жол бермеңіз. Мысалы, олар сізге баға қою немесе оқыту әдістерін өзгерту туралы нұсқау бере алмайды. Өз кәсіби беделіңізді сақтаңыз және өзіңізге деген құрметті нығайтыңыз.

✓ **Оқушылармен оң қарым-қатынас орнатудың әмбебап кеңестері**

◆ **Алғашқы сабақтан бастап өз беделіңізді қалыптастырыңыз.** Оқушылар сізді кәсіби, сенімді маман ретінде қабылдауы үшін әрқашан сабаққа мұқият дайын болыңыз. Үздіксіз дамып, өз біліктілігіңізді арттырыңыз: курстарға қатысыңыз, семинарларға жазылыңыз, онлайн оқыту бағдарламаларынан өтіңіз.

◆ **Оқушыларға тәлімгер болыңыз, бірақ шекараны сақтаңыз.** Олар сізді сенімді ересек ретінде қабылдауы керек, бірақ «мұғалім» мен «оқушы» арасындағы шекараны айқын сезінгені маңызды.

◆ **Сабырлы және төзімді болыңыз.** Оқушылардың әдепсіз сөздер айтып, дөрекілік танытуы мүмкін екенін ескеріңіз. Мұндай жағдайда өзіңізді ұстай білу – беделіңіздің мықтылығының көрсеткіші. Егер әлсіздігіңізді байқаса, олар мұны үнемі пайдаланып кетуі мүмкін.

◆ **Оқушыға ешқашан тіл тигізбеңіз және күш қолданбаңыз.** Ашуланған сәтте эмоцияға берілмей, ішіңізден 10-ға дейін санаңыз немесе «Бұл – тек бала, ол мені басқаруына жол бере алмаймын» деп қайталап өзіңізді сабырға шақырыңыз.

◆ **Сабақтарды қызықты әрі алуан түрлі өткізіңіз.** Тренингтік жаттығуларды, ойындарды, «бес минуттық» сергіту сәттерін енгізіңіз. Бір-бірін және айналасындағы әлемді жақсырақ тануға көмектесетін әдістер оқушылармен қарым-қатынасты жақсартуға үлкен ықпал етеді.

Оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызды қағидалары

◆ **Берген уәдеңізді әрдайым орындаңыз.** Бұл – мұғалімнің беделіне тікелей әсер ететін ең маңызды ережелердің бірі. Көптеген мұғалімдер жұмысбастылық, ұмытшақтық немесе басқа себептермен уәделерін орындамай қояды. Бір-екі рет осылай қайталанса, оқушылар сізге сенуден қалады. Егер киноға барамыз деп уәде берсеңіз – орындаңыз. «Егер жұмыс уақытында тапсырылмаса, баға төмендетіледі» деп айттыңыз ба – солай жасаңыз. Оқушы сабаққа тағы да кешіксе, ата-анасына хабарласатыныңызды айттыңыз ба – міндетті түрде қоңырау шалыңыз. Егер уәдеңізді орындай алмасаңыз, объективті себебін түсіндіріңіз (мысалы, ауырып қалу, жоспарланған іс-шараның тоқтатылуы және т.б.).

◆ **Оқушының мүмкіндігіне сай жүктеме беріңіз.** Сабақ тым қиын болмауы керек, өйткені түсініксіз терминдер мен күрделі тақырыптар оқушыны жалықтырып, пәнге деген қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Сонымен қатар, тым жеңіл тапсырмалар да ынтасын төмендетеді. Сондықтан материалдың қолжетімділігі мен күрделілік деңгейінің арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

◆ **Кәсіби этиканы қатаң ұстаныңыз.**

Ешқашан басқа мұғалімдерді оқушылармен бірге талқыламаңыз, олардың әдістерін, сабақ беру стилін сынамаңыз.

Сабаққа қатыспаған оқушы туралы өзгелердің алдында жағымсыз пікір білдірмеңіз.

Сабақ үстінде отырған оқушыны да көпшіліктің алдында кемсітуге, сынауға болмайды.

Оқушылар мұғалімнің әр әрекетін есте сақтайды және оларды әділдік пен адалдық арқылы тәрбиелеуге болады.

- 🎭 **Көңілді тест**
- Сізге әзіл-қалжыңға негізделген шағын тест ұсынамын. Төменде әртүрлі мультфильм кейіпкерлерінің суреттері берілген. Қарап шығыңыз және айналаңыздағы адамдарға әсер ету тәсілі жағынан өзіңізге ең жақын кейіпкерлерді таңдаңыз.
- ♠ **Сіздің таңдауыңыз сіздің мінезіңіз туралы не айтады?** 😊
Талқылау барысында әркім өзінің оқушылармен, әріптестермен және жалпы ортадағы қарым-қатынасына қатысты жаңа нәрселерді байқап, өзін жаңа қырынан тануы мүмкін.
- ☞ **Кім сізге ең жақын?** Кейіпкерлеріңізді таңдап, нәтижесін бірге талқылайық! 🎬 ✨





AMANZHOLOV
UNIVERSITY

НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!!!